

Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 қарашадағы № 151 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 13 желтоқсанда № 14513 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 111-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 04.06.2025 № 111-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексі 56-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қазақ және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төраға орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Су ресурстары комитетінің төрағасы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

2016 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Энергетика

министрінің міндетін атқарушы

_____ М. Мырзағалиев

2016 жылғы 16 қараша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Су ресурстары
комитеті төрағасының
2016 жылғы 9 қарашадағы
№ 151 бұйрығымен
бекітілген

Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі*

Ескерту. Бірыңғай жүйесі жана редакцияда – ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Төрағасының 20.03.2024 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Нормала натын көрсеткі штер	Химиял ы қ символ	Өлшем бірлігі	Сапа класстары бойынша су сапасы стандарттарының сандық мәні					
				1 класс**	2 класс **	3 класс **	4 класс **	5 класс **	6 класс **
Кислородтық режим шарты									
1	Темпера тура	Tсу	оС	Жазда 20-28 °С				Қыста 5-8 °С	
2	Еріген оттегі	O2	мг O2/л	≥6	≥4	≥4	4	4	≤3
3	Оттегім е н қанығуы	O2	% қанықты ру O2/л	>90%	≥80%	≥60%	≥40%	<40%	≤20 %
4	Оттегіні биохими ялық тұтыну (5 тәулік)	ОБТ5	мг O2/л	2,1	2,1	3,0	5,0	6,0	>6,0
5	Оттегіні биохими ялық тұтыну (толық)	ОБТтол ық	мг O2/л	3,0	3,0	6,0	7,0	8,0	>8,0
	Оттегіні химиял								

[illegible]

22	Сілтілік 2	HCO3-	м г CaCO3/л	<40,0	40,0-< 50,0	50,0-< 100,0	100,0-<200,0	200,0	>200
23	Кермектілік 3		мг-экв/л	<4,0	6	9	10	13	≥15
24	Көмірқышқыл газы	CO2	мг/л	0,2	0,4	1,0	2,0	3,0	≥4,0
Биогенді заттар									
25	Жалпы азот	Nжалпы	мг N/л	1,5	4,0	8,0	20,0	20,0	>20,0
26	Нитрат ион	NO3-	мг/л	≤40,0	40,0	45,0	45,0	45,0	>45,0
27	Нитрит ион	NO2-	мг/л	0,1	3,3	3,3	3,3	5,0	>5,0
28	Аммоний ион	NH4+	мг/л	≤0,5	0,5	1,0	2,0	2,6	>2,6
29	Аммиак	NH3 · nH2O	мг/л	0,05	0,05	0,10	0,20	0,26	>0,26
	Аммиак азот бойынша		мг/л	<2,0	2,0	2,0	2,3	2,7	>2,7
30	Фосфор жалпы	Pжалпы	мг P/л	0,1	0,2	0,4	1,0	1,0	>1,0
31	Фосфаттар	PO43-	мг/л	0,2	0,4	0,7	1,0	≤3,5	>3,5
32	Фосфор үш хлорлы	PCl3	мг/л	0,01	0,01	0,25	0,60	>0,60	>0,60
33	Бор	B	мг/л	≤0,5	0,5	0,7	1,3	2,0	>2,0
34	Кремний	Si	мг/л	10,0	10,0	12,0	12,0	12,0	>12,0
Металдар									
35	Алюминий	Al	мг/л	0,04	0,04	0,50	0,50	0,50	>0,50
36	Бериллий	Be	мг/л	0,0001	0,0002	0,0002	0,002	0,004	>0,004
37	Жалпы темір	Feжалпы	мг/л	0,1	0,1	0,3	0,5	0,5	>0,5
	Темір (2+)	Fe2+	мг/л	≤0,005	0,005	0,01	0,02	0,02	>0,02
	Темір (3+)	Fe3+	мг/л	≤0,01	0,01	0,02	0,04	0,05	>0,05
38	Марганец (2+)	Mn2+	мг/л	0,01	0,01	0,10	0,20	0,30	>0,30
	Кадмий жалпы	Cdжалпы	мг/л	0,005	0,005	0,025	0,125	0,125	>0,125

[illegible]

48	Фенолдар (ұшпа)	-	мг/л	0,001	0,001	0,001	0,002	0,005	>0,005
49	Фенолдар	-	мг/л	0,001	0,001	0,005	0,10	0,10	>0,10
50	Мұнай өнімдері	-	мг/л	0,05	0,05	0,10	0,20	0,30	>0,30
51	Ерітілген және эмульсияланған жағдайында мұнай және мұнай өнімдері	-	мг/л	0,05	0,05	0,10	0,50	1,0	>1,0
52	СБАЗ, БАЗ, АСБАЗ	-	мг/л	≤0,1	0,1	0,5	0,5	0,7	>0,7
53	Фторидтер	F-	мг/л	0,75	0,75	1,5	2,0	2,1	>2,1
54	Күкіртті су тегі	H2S	мг/л	0,003	0,003	0,003	0,003	0,003	>0,003
55	ПАК және олардың метаболиттері (бенз(а)пирен бойынша) ⁴	-	мг/л	0,00001	0,00001	0,00001	0,00001	0,00001	>0,00001
Улы заттар									
56	Дианидтер	CN-	мг/л	0,03	0,035	0,035	0,05	0,10	>0,10
57	Мышьяк жалпы	As	мг/л	0,05	0,05	0,08	0,10	0,10	>0,10
	Мышьяк ерітілген	-	-	0,002	0,002	0,04	0,05	0,05	>0,05
58	Роданидтер	SCN-	мг/л	0,10	0,10	0,10	0,15	0,20	>0,20
Пестицидтер									
59	гамма-ГХЦГ (линдан)	-	мг/л	0,00001	0,00001	0,0001	0,0002	0,0003	>0,0003
60	1, 2, 3, 4, 5, 6 - Гексахлорциклд	-	мг/л	0,00001	0,00001	0,00001	0,00001	0,00001	

	i-гексан 5								> 0,00001
61	ДДТ (изомерлер қосындысы)6	-	мг/л	0,000025	0,000050	0,000065	0,000075	0,000075	> 0,000075
Гидробиологиялық параметрлері									
62	Фитопланктон, зоопланктон, перифитон бойынша Палтле және Букка бойынша сапроб индексі (Сладечек модификациясы)	-	-	<1,0	1,00-1,50	1,51-2,50	2,51-3,50	3,51-4,00	> 4,00
	Зообентос бойынша:								
	- олигохет жалпы санының сутүбіндегі организмдердің жалпы санына қатынасы	-	%	1-20	21-35	36-50	51-65	66-85	86-100 немесе макробентос жоқ
	- Вудивис бойынша	-	баллы	10	7-9	5-6	4		0-1

63	биотика лық индекс							2-3	
Микробиологиялық параметрлер									
64	Лактоза лық оң ішек таяқшал ары	ЛКА	в дмЗ	1000	1000	1000	5000	5000	>5000-< 5500
65	Коли-фа гтар	-	Бляшка- құрауш ы бірл.	жоқ	жоқ	<100	100	100	>100-< 120
66	Ауру қоздырғ ыштар	-		жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	ізі	ізі
67	Бактери ялардың жалпы саны	-	106 кл/ см3 кл/ мл	<0,5	0,5-1,0	1,1-3,0	3,1-5,0	5,1-10,0	>10,0-< 10,5
68	Сапроф итті бактери ялар саны	-	103 кл/ см3 кл/мл	<0,5	0,5-5,0	5,1-10,0	10,1-50,0	50,1-100	>100-< 120
69	Жалпы бактери ялар саныны ң сапрофи тті бактери ялар санына қатынас ы	-		<103	>103	103-102	<102	<102	<102

Ескертпе:

* Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (бұдан әрі - жіктеу) "ең жақсы сападағы" судың 1-класынан "ең нашар сападағы" 6-класқа біртіндеп ауыса отырып, суды пайдаланудың алты класына бөлінген. Ұсынылған су сапаның сандық мәндері өзендердегі, каналдардағы, арналық су қоймаларындағы судың сапасын бағалау үшін пайдаланылады және Каспий теңізі, Арал теңізі, Балқаш көлін қоса алғанда, теңіздер мен көлдер үшін қолданылмайды.

** Су пайдаланудың әрбір класы су объектісінің қалыптасқан экологиялық әлеуетіне байланысты су пайдаланудың өз санатымен сипатталады. Су пайдалану санаттарының сипаттамасы осы жіктеменің 1-кестесінде келтірілген. Су пайдалану сыныптарын кластарын су пайдалану санаттары (түрлері) бойынша бөлу осы жіктеменің 2-кестесінде келтірілген.

*** 150 мг/л суды өнеркәсіптік мақсатта пайдаланған кезде кальций мөлшеріне таралады (өнеркәсіптік қондырғыларда қақ пайда болу қаупі).

1-кесте

Суды пайдалану кластарының сипаттамасы

№	Су сапасы класы	Суды пайдалану санаттарының сипаттамасы
1	1 класс (өте жақсы сапа)	Физикалық-химиялық және биологиялық сапа мәндерінде өзгерістер жоқ (немесе өте аз) жер үсті сулары. Ластаушы заттардың концентрациясы су экожүйелерінің жұмысына әсер етпейді және адам денсаулығына зиян тигізбейді. Осы кластағы жер үсті сулары су пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) арналған.
2	2 класс (жақсы сапа)	Адам іс-әрекетінен аз дәрежеде әсері тиген және суды пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) жарамды жер үсті сулары. Ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін қарапайым су дайындау әдістері қажет.
		Физикалық-химиялық және биологиялық мәндері адам әрекетіне байланысты су сапасының табиғи фонынан орташа ауытқыған жер үсті сулары. Экожүйенің бұзылуының орташа белгілері тіркеледі.

3	3 класс (орташа ластанған)	Суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін тазартудың неғұрлым тиімді әдістері қажет. Суды пайдаланудың барлық басқа санаттары үшін (рекреация, суару, өнеркәсіп) осы кластың түрлері шектеусіз жарамды.
4	4 класс (ластанған)	Жер үсті сулары адам әрекетіне байланысты су сапасының физикалық-химиялық және биологиялық мәндерінің табиғи фоннан айтарлықтай ауытқуын көрсетеді. Суды пайдаланудың осы класындағы сулар гидроэнергетика, тау-кен өндірісі, гидротранспортты қоса алғанда, суару және өнеркәсіптік су пайдалану үшін ғана жарамды. Суды пайдаланудың осы класындағы суды ауыз су-шаруашылық мақсатына пайдалану үшін су қабылдағыштардағы суды қарқынды (терең) дайындау қажет. Суды пайдаланудың осы класындағы сулар рекреациялық мақсатта ұсынылмайды.
5	5 класс (өте ластанған)	Адамның іс-әрекетіне байланысты су сапасының табиғи фонынан сапаның физикалық-химиялық және биологиялық мәндерінің айтарлықтай ауытқуын көрсететін жер үсті сулары. Осы кластағы суларды тек өнеркәсіптік суды пайдалану және суару мақсаттары үшін тұндыру карталарында тұндыру әдістерін қолдану кезінде пайдалануға болады.
6	6 класс (жоғары ластанған)	Жер үсті сулары тұрақты антропогендік жүктемеге байланысты су сапасының бірқатар нормаланған көрсеткіштері бойынша айтарлықтай ауытқуларға ие. Осы кластағы суларды тек гидроэнергетика, су көлігі мақсаттары үшін, су сапасының

	стандарттарын сақтауды қажет етпейтін пайдалы қазбаларды өндіру процестерінде пайдалануға болады. Басқа мақсаттар үшін суды пайдаланудың осы класындағы су ұсынылмайды.
--	--

Ескертпе:

Тек қана ауыз су мақсаттары үшін пайдаланылатын 1-кластағы жер үсті сулары, сондай-ақ органолептикалық, санитариялық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз су-шаруашылық сумен жабдықтау мақсатында пайдалануға жарамды су пайдаланудың 2 және 3-класты жер үсті сулары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығымен бекітілген Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтеріне (бұдан әрі - Норматив) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30713 болып тіркелген) сәйкес болуы қажет.

Сарқынды суларды, сондай-ақ су пайдаланудың 4 және 5-класындағы суларды Нормативтердің және "Паразиттік аурулардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-44 бұйрығымен санитариялық қағидаларын бекіту туралы" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрықтың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28086 болып тіркелген) көрсеткіштеріне дейін тазалған жағдайда бұл суларды суару үшін пайдалануға болады.

2-кесте

Су пайдалану кластарын суды пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша саралау

Су ды пайдалану класы	Тазалау мақсаты/ түрі	Су пайдалану кластары					
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс	6 класс
Су экожүйелерінің қызметі	-	+	+	-	-	-	-
Балық өсіру / ихтиофауна ны қорғау	Албырт балық	+	+	-	-	-	-
	Тұқы балық	+	+	+	-	-	-
Ауыз су-шаруаш	Қарапайым өңдеу	+	+	-	-	-	-

ылық сумен жабдықтау және тамақ өнеркәсібі кәсіпорынд арын сумен жабдықтау	Дағдылы өңдеу	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды өңдеу	+	+	+	-	-	-
Мәдени-тұр мыстық су пайдалану	Туризм, спорт, демалыс, шомылу	+	+	+	-	-	-
Суару	Дайындықс ыз	+	+	+	+	-	-
	Тұндыру карталарын пайдалану кезінде	+	+	+	+	+	-
Өнеркәсіпті к с у пайдалану	Технология л ы қ процестер, салқындату процестері	+	+	+	+	+	-
Гидроэнерг етика	-	+	+	+	+	+	+
Су көлігі	-	+	+	+	+	+	+
Тау-кен өндірісі	-	+	+	+	+	+	+

Негізгі қысқартулар

оС	Цельсий дәрежесі
мг О2/л	литріне миллиграмм оттегі
О2/л % қанығу	литрге оттегінің қанығу пайызы
%	пайыз
см	сантиметр
мг/л	литріне миллиграмм
мкСм/см	сантиметрге микро Сименс
Eh, мВ	химиялық заттың электрондарды қосу қабілетінің өлшемі, милливольт
мг СаСО3/л	литріне миллиграмм кальций карбонаты
мг-экв/л	миллиграмм-литрге эквивалент
мг N/л	литріне миллиграмм жалпы азот
мг Р/л	бір литрге жалпы миллиграмм фосфор
кл/см3,	текше сантиметрге килолитр
кл/мл	миллилитрге килолитр
дм3	текше дециметр
Сфон	фондық концентрация

СБАЗ	Синтетикалық беттік активті заттар
БАЗ	Беттік активті заттар
АСБАЗ	Анионды синтетикалық беттік активті заттар
ПАК	Полициклді ароматты көмірсутектер
$\leq$	аз немесе тең
$\geq$	көп немесе тең
$<$	аз
$>$	көп

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК